

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ

*Гиззатов С.М.
Орал қ., Қазақстан*

Діни радикализм мен экстремизм және халықаралық терроризм проблемалары қазіргі таңда әлемдік деңгейде ерекше өзектілікке ие. Бүкіл дүниежүзін дүр сілкіндірген ғасырымыздың басты проблемасы, өкінішке орай, әлем бөлшегі болып табылатын Қазақстанға да өз әсерін тигізуде. Аталмыш проблемалар әр түрлі факторларға негізделеді. Солардың бірі – діннің саясиленуі, яғни осының негізінде деструктивті ағымдардың белгілі саяси мақсаттарға жету үшін пайдаланылатын құралға айналуы. Мұның мысалын өткен ғасырдың соңғы кезеңінде радикалды көзқарастарға ие болған көптеген экстремистік және террористік қозғалыстардың таралу үдерісінен байқауға болады. Ал діни экстремизмнің кең таралуы, әсіресе Орталық Азия елдерінің басты проблемасына айналған. Осы тұста Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанда терроризм, сепаратизм және экстремизм проблемалары бар. Әсіресе халықаралық терроризмнің кең қанат жайғанын және халықаралық қауымдастық пен аймақтардың саяси-әлеуметтік және экономикалық мәселелермен ұштасып, саясиленғанын ескерсек, олардың тарапынан туындаған қауіп ойдан шығарылған емес, нақты және шынайы өмірлік қауіп» [1, 55 б.] деген пікірі маңызды және оның маңыздылығы экстремизмнің, оның ішінде діни экстремизмнің лаңкестікке серпіліс беруімен немесе оған ұласуымен анықталады.

Қазақстанда миссионерлік әрекеттің қарқындаған уақыты Ресей империясы қазақ жерін мемлекет меншігі ретінде жариялаған тұста және шекарасын ресми түрде белгілеп, картасын сызып бекіткен соң патша үкіметі бұрынғы уақытша ислам дінін тарату саясатынан бас тартып, 1862 жылдан бастап ресми түрде қазақ халқын шоқындыру, сол арқылы біртіндеп орыстандыру саясатын ашық жүргізе бастады. Патша үкіметі бұл миссионерлік әрекетті жан-жақты зерттеп әрі сақтықпен жүргізді. Мәселен ең шұрайлы жерлерден қазақ шаруаларын ығыстырып, орыс мұжықтарын көбірек қоныстандыру, жер-су аттары мен адам есімдерін өзгерту, елді мекендерде аралас мектептерін ашу, жергілікті халықтың жазу емшелерін ауыстыру, билік структурасы мен туыстық институттарына өзгерістер енгізуді шіркеу мемлекетпен бірлесе жүргізді. Бұл саяси процесс Ұлы Қазан төңкерісі кезінде біраз уақытқа тоқтағанымен әрі қарай Кеңес үкіметі миссионерлікті басқаша сипатта жүргізді. Қысқаша айтқанда Кеңес үкіметі өзіне бағынышты аз халықты қызыл орағымен орып, балғасымен жаншып, төл діні мен мәдениетінен айырып дінсіз ұрпақ тәрбиелеп, дүбәрә ұлт жасады. Жетпіс жыл өмір сүріп, тарих сахнасынан кеткен «ұлы держава» миссионерлікке айқара жол ашып берді. Тәуелсіздігіміз жарияланып, егеменді ел болғалы бері елімізде діни экспансия үдеп, дін мәселесі қоғамымызда басты назарда тұрғаны да жасырын емес. Іргесі бекімеген егемен еліміздің «Діни-сенім бостандығы» туралы заңымыздың тым асығыс әрі еш дайындықсыз қабылдануын пайдаланған кейбір түрлі жат пиғылдағы діни секталар миссионерлік әрекеттерін белсенді түрде іске асыра бастады. Оның соңғы кезеңі – еліміздің тәуелсіздік алған жылдарымен тұспа- тұс келеді. Осы уақытта республикамыздың территориясында бұрын соңды кездеспеген діни ағымдар мен секталар көптеп орналаса бастады.

Өткен 2012 жылдың 14 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы «қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын жариялаған болатын. Аталмыш Жолдаудың «Жаңа Қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көп конфессиялы қоғамымыз табысының негізі» атты 7-тарауының 6-бөлімі «XXI ғасырдағы Қазақстандық дін» деп аталады. Ол жерде «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз»[2] деп жазылған. Аталмыш тұжырымның өзі мемлекеттің қоғаммен, оның ішінде азаматтармен бірге аталмыш құбылыстарға қарсы күресу үшін шеп құру қажеттігін айқындап берді.

2005 жылдың ақпан айының 18 күні қабылданған № 31-III Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» туралы заңының 1-бабының 3-тармағында «экстремизмнің алдын алу - экстремизмнен сақтандыруға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, насихаттық және өзге де шаралар жүйесі» делінген құқықтық анықтама берілген. Сонымен қатар, аталмыш заңның 5-бабында экстремизмге қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттарының бірі ретінде «экстремизмнен сақтандыруға, соның ішінде оны жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және кейіннен жоюға бағытталған алдын алу шараларын қабылдау» деп белгіленген. Ал енді осы заңның 6-бабында 7 мемлекеттік органдардың экстремизмнің алдын алу саласындағы құзыреттері анықталып жазылған. Аталған баптың 1-тармағында діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі мемлекеттік органның, яғни Қазақстан Республикасы Дін істер агенттігінің құзыреті бекітілген [3].

Қазіргі кезде халықаралық қауымдастық шеңберінде, көптеген елдерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасында экстремизмнің, оның ішінде, діни экстремизмнің алдын алу бойынша іс-шараларды жасап келеді. Мемлекеттік органдардың, түрлі қоғамдық институттардан бөлек, ғылыми саласындағы сарапшылар да аталмыш мәселе бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Дегенмен, олардың бұл бағыттарда зерделеу жұмыстары әлі әлсіз күйінде қалып келеді.

Осы тұста айта кетер жайт, экстремизм идеологиясы, оның ішінде, діни экстремизмнің идеологиясы басым көпшілігінде жастар арасында таралып жататындығы да жалпыға белгілі. Осы орайда, зерттеуші В.

А. Смирновтың көзқарасы бойынша жастар арасындағы экстремизмнің алдын алу бойынша негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- жастар арасындағы экстремизмнің алдын алу жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;
- жастар арасындағы экстремизмнің алдын алуды ғылыми-әдістемелік және талдау материалдарымен қамтамасыз ету;
- жастардың әлеуетін жүзеге асыру үшін баламалы аялдар жүйесін құру және оған әлеуметтік тұрғыдан қолдау тапқан қызмет түрлерін қосу;
- жастар экстремизмнің алдын алу жүйесінің қызметін кадрлық және ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету [4, С. 84, 85, 86].

Ендігі кезекте Қазақстан Республикасындағы жастарымызды діни экстремизмнен алдын алу мәселелерін қарастырып өтеміз.

В. Курганская өз мақаласында «діни экстремизм мен терроризмге қарсы ең әсерлі құрал – азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы тең деңгейлі негізіндегі әріптестік» деп жазды [5, С. 56]. Автордың көзқарасы құптарлық. Бұл жөнінде көзқарасымыз мен тұжырымызды төменде жазып өтеміз.

Қазіргі қоғамдағы жас ұрпақ арасында жоғарыда теріс діни ағымдар туралы мәлімет беріп, ақпарат тарату - өмір талабы. Себебі оны мен солын, ақ пен қараны, жақсылық пен зұлымдықты енді ғана ажырата бастап, әлі толық қалыптасып үлгермеген жас буынға дін туралы түсінік қалыптастыру арқылы оларды кесе-кедергілерден аман алып қалуға болады. Олай деуімізге негіз бар: діннің не екенін, мақсаты мен мұратының қандай екенін жете түсінбеген қарақөз қандастарымыз түрлі жалған ағымдардың жетегінде жүр. Жалған ағымдар әркез таза дінге қайшы, оны жақтамайды, олар – халықаралық лаңкестік ұйымдастырушы, діни экстремизмді жақтаушы секталар, теріс ағымдағы топтар мен таза дінмен он қайнаса да, сорпасы қосылмайтын ұйымдар. Олардың мақсат-мүддесі – біреуге немесе бір ұйымға, тіпті мемлекетке жала жабу, жамандық жасау, қастандық ұйымдастыру, ағайынның ортасына от тастау, ұлт пен ұлыстың арасына алауыздық туғызу, қақтығыстың тууына ұйытқы болу, аққа күйе жағу, бейбіт өмірді бұзу.

«Енді теріс діни ағымдарға жастарымыз неге кіреді?» деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Оған не себеп? Әрине, ең алдымен жастарға тәрбие берер аға буынның, ата-аналардың діни сауатының аздығы, дін саласындағы білімнің кемдігі.

Екіншіден, шетелдік миссионерлердің ықпалының күштілігі. Әлеуметтік аз қамтылған, жағдайы төмен, жадап-жүдеп жүрген жастарды көздеп жүретін миссионерлер жастарды қаржылай көмек беріп, алдап-сулап өздеріне тартады.

Үшіншіден, көбіне жергілікті жердегі (ауылдық жердегі) имамдардың діни білімдерінің аздығы және баспасөз беттерінде, сондай-ақ телеарналарда дін турасындағы ақ-қараны ажырататын мәліметтердің әлі күнге дейін аз таратылуы. Ауылдан келіп білім алып жатқан студенттер діни сауатының төмендігінен қаладағы деструктивтік діни ағымдардың құрығына оңай ілігеді. Мысалды алыстан іздеп қажеті жоқ.

Кезек күттірмес мәселе - діни сауаттылықты арттыру, жергілікті мешіт имамдарымен жоғары және арнаулы оқу орындарының тығыз байланыс орнату, діни сенімге деген жастардың өмірлік көзқарастарын дұрыс қалыптастыру және өскелең ұрпақты оның барлық көріністеріне дәйекті түрде қарсы тұруға тәрбиелеу, бұқаралық ақпараттық құралдарымен теріс бағытты көздейтін діни ағымдар мен секталар жайлы болып жатқан түрлі жағдайлармен халықты құлақтандырып отыру, ел арасында үгіт-насихаттық топтардың үздіксіз жұмыстануы қажет деп білеміз.

Экстремизмге қарсы күрес жүргізуді екі жолмен жүзеге асыруға болады: ең алдымен, «оқшауланып» кетпеген, экстремисттік идеологияның қақпанына түспеген халықты ескерту мен олардың арасында профилактикалық жұмыстарды белсендірек атқару керек. Мұндай жұмыстарға жоғары білімді, білікті теологтармен қатар, психологтар, педагогтар мен дінтанушылар, қоғамдық ұйымдар мен құзыретті органдардың қызметкерлері бірлесе үйлесімді атсалысып, ақпараттық-насихаттау жұмыстарын тағы да тиімдірек жүзеге асыру қажет. Ал екінші жол бойынша «оқшауланған» идеологияға жақтасқандармен кешенді түрде тікелей жұмыс жүргізу, әрі оларды қайта иландыру жолдарын, айла-тәсілдерін зерттей отыра, ондай шараларды іске асыруды қолға алу бүгінгі күніміздің талабына айналды.

Қортындылай келе, отбасы, қоғам болып жұмылып, жастарымызға діни-рухани, патриоттық, дәстүрлі ұстанымдар мен сенімнің негізінде тәрбие беру арқылы оларды түрлі деструктивті әрі радикалды-экстремисттік ықпалдарға қарсы иммунитетті қалыптастыруға болады. Дәстүрлі діни-мәдени құндылықтар мен отан сүйгіштікке негізделген қоғам немесе халық қана өміршең келіп, өзінің жарқын болашағына қол жеткізеді.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – 55 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». egemen.kz. 2012 жыл 15 желтоқсан.
3. Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» туралы заңы. medialaw.asia/document/.
4. Смирнов В.А. Основы молодежной политики в сфере профилактики экстремизма. Вестн. Челябин. гос. ун-та. – 2008. – С. 84, 85, 86.

5 Курганская В. Роль традиционных религий в противодействии экстремизму и терроризму: сб. метод. материалов. – Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2011. – С. 56.